**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 118 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 553 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды, ақпараттандыру процестерін қалыптастыру мен дамыту және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 50, 473-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақта:

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары бойынша қызметті үйлестіру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Марченко Григорий Александрович - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға;

Кан Людмила Михайловна - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақпараттық-техникалық қызмет департаментінің бастығы;

мынадай:

"Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі";

"Исин Нұрлан Құрманғалиұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "ҚЖАО" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының бас директоры"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының Ақпарат бірінші вице-министрі";

"Исин Нұрлан Құрманғалиұлы - "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы, Әбіров Жұмахан Ақылбайұлы шығарылсын;

3-тармақтағы "Министрліктер мен ведомстволарға" деген сөздер "орталық және жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары бойынша қызметті үйлестіру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4-тармақтың он бесінші абзацындағы "республикалық" деген сөз " мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК